Экология және салауатты өмір

Қазіргі таңда адамдардан көп мөлшерде қалдық шығатын болғандықтан, экологияға кері әсерін тигізуде. Бұл қалдықтар тек табиғатқа ғана кері әсерін тигізіп қана қоймай, қанша адамдардың, және де өсімдіктер мен жануарлардың өміріне қауіп төндіруде.

Қазіргі таңда әлемде 8 миллиардтан аса адам бар. Статистика бойынша, осы 8 миллиард адам жылына шамамен 2,1-ден 2,6 миллиард тоннаға дейін қоқыс шығарады екен. Онымен қоймай, оларды өңдеуге атсалысып жатқан көптеген зауыттар мен көліктерден шығатын, ауаға зиян газдар мен табиғатқа зиян қалдық, түтіндер бөлінуде. Бұл бөлініп жатқан газдар мен түтіндер — бронх демікпесі бар немесе ӨСОА (өкпенің созылмалы обструктивті ауруы) секілді аурулармен ауыратын, иммунитеті төмен балалар, жүкті әйелдер, қарт кісілер үшін қауіпті, өмірлеріне зиян болуы әбден мүмкін. Біздің экологиямыз дұрыс болса, салауатты өмір салтын ұстануда қиындыққа соқпайды.

Нақтырақ айтсақ, әр адам тым болмаса өз ауласын таза ұстап, қоқысты арнайы нұсқауы бойынша тастаса, экологиямыздың жақсаруына бір қадам болар еді. Сондықтан табиғатымызды аялап, қорғап, қоқысты көрінген жерге тастамай, отбасымыздың және де, ең бастысы, өз денсаулығымызды күтейік.